

СПОРТ ШЕБЕРІ АТАНДЫ

ІІМ ШЫРАҚБЕК ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ КУРСАНТТАРЫ ӘСКЕРИ САМБОДАН «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СПОРТ ШЕБЕРІ» АТАҒЫН ИЕЛЕНДІ.

2015 жылдың қыркүйек айында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясының спорт кешенінде әскери самбодан өткен 23 жасқа дейінгі спортшылар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатында Академияның курсанттары жеңімпаз атанып, әскери самбодан «Қазақстан Республикасының спорт шебері» нормативін орындады.

Аталған чемпионатқа 7 команда қатысты. Олар: Астана қаласы, Ақмола облысы, Ақтөбе облысы, Батыс Қазақстан облысы, Қарағанды облысы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Қостанай облысы – барлығы 108 спортшы бақтарын сынады. Қатысқандардың арасында: 6 спорт шебері, 36 спорт шеберлігіне үміткер, 29 бірінші санаттағы спортшылар болды.

Алғашқы кездесулердің бірінде Байдаурен Чуюнбаев ең маңызды қарсыласы Батыс Қазақстан облысының мықты палуаны Шыңғыс Кажиақбаров болды.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және денешынықтыру істері комитетінің 2016 жылғы 6 қаңтардағы №2 бұйрығымен әскери самбодан «Қазақстан Республикасының спорт шебері» атағы 4 курс курсанты Байдаурен Чуюнбаевқа және 3 курс курсанты Аслан Бекболатқа берілді.



Аталған курсанттардың жаттықтырушылары жауынгерлік және дене дайындығы кафедрасының қызметкерлері - полиция полковнигі А.Ақылбеков, полиция подполковнигі Б.Өтепов, полиция подполковнигі Р.Таңқыбаев, полиция капитаны Е.Кабидуллин.

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясының бастығы, полиция полковнигі Мирлан Қызылов жаттықтырушылар мен курсанттарды салтанатты түрде құттықтап, сәттілік пен кәсіби өрлеу тіледі.

Айдарбек АҚЫЛБЕКОВ
ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы
жауынгерлік және дене дайындығы
кафедрасының аға оқытушысы,
полиция полковнигі